



Алхан Бóкейхан: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

AQTOGAI AJARY



«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»

1938 жылдың 15 тамызынан
бастап шығады

Аqtogai а́йдандыq qogамдыq-saіasі basylım

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 7 (7992) 14 ақпан, Жұма 2025 жыл

aktogai_red@mail.ru

* Ақорда

Қосымша құн салығының мөлшерлемесі сараланып белгіленуге тиіс

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев отандық бизнес өкілдерімен кездесті. Еліміздің бизнес қоғамдастығының басын қосқан бұл жиын мемлекет пен экономиканы дамытуға үлес қосып жүрген кәсіпкерлердің мақсат-ниеті бір екенін көрсетті.

Орынбек ӨТЕМҰРАТ.

Президент айқындаған стратегиялық міндет – экономиканы нығайту арқылы Қазақстанның өңірдегі көшбасшылық рөлін сақтау және күшейту. Мемлекет басшысының пікірінше, бұл міндет ұлттық идеяның маңызды элементіне айналуға тиіс. Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі заманның басты мәселелерін шешу жолында Қазақстан жаңа көзқарастар мен тәсілдер дәуіріне қадам басқанын, ал ескірген стереотиптер өткеннің еншісінде қалғанын атап өтті. Сондықтан еліміз түбегейлі өзгеріп, жаңа жағдайға бейімделуі керек. Президент мемлекеттің болашағы, соның ішінде өскелең ұрпақтың келешегі осы мәселенің шешіміне тікелей байланысты деп санайды. Оның айтуынша, ірі инфрақұрылымдық және өнеркәсіптік жобалар, цифрландыру мен жасанды интеллект, көлік және логистика салалары экономиканы дамытудың басым бағыттарына айналуға тиіс. Бұл ретте шағын және орта бизнесті қолдау мәселесі ұдайы Үкімет назарында болады. Қасым-Жомарт Тоқаев алға қойылған міндеттерді шешу жолында мемлекет пен ірі кәсіпорын иелерінің арасындағы нәтижелі серіктестіктің маңызды екенін атап өтті.

– Ірі бизнес болмаса, Қазақстан экономикасының әлеуетін толық ашу мүмкін емес. Бізге экономиканың дамуын жаңа деңгейге көтеру үшін инфрақұрылым, индустрия, цифрландыру және басқа да салаларда серпінді әрі ауқымды жобалар қажет. Мұны іске асыруға ірі бизнесмендердің шамасы жетеді. Сіздерде оған қажетті қаржы да, мамандар да, ең бастысы, білім мен тәжірибе де бар. Бұл ретте инвестиция салуға тартымды дәстүрлі салаларға мән беріп қана қоймай, табыс әкелетін жаңа бағыттарды қарастырған жөн.

Қазіргі геосаяси жағдай мен әлемдік сауда конъюнктурасын ескерсек, көлік-логистика саласының орасан зор әлеуеті елеусіз қалып жатыр. Теміржол, автомобиль және әуе

мақсаттардың бірі. – Квзимемлекеттік сектор субъектілерін құруға мораторий енгізілді. Реттелетін сатып алуларға бизнес өкілдері өтінім берген жағдайда,



арқылы жүк тасымалына сұраныс артып келеді. Іс жүзінде аталған сектор басымдыққа ие бола бастады. Кейбір шолушылардың айтуынша, пайдасы да мол. Болашағы зор тағы бір сала – туризм. Шетелдіктер Қазақстанның тұмса табиғатына, халқымыздың салт-дәстүрі мен тарихи мұрасына ерекше қызығушылықпен қарайды. Бірақ отандық туризмнің әлеуеті

оған мемлекеттік кәсіпорындардың қатысуына заң жүзінде шектеу қойылды. Бизнесті негізсіз қыспаққа алудан және салалық органдардың заңсыз тексеруінен қорғау үшін жүйелі жұмыс қолға алынды. Қылмыстық кодекстің бес бабы ізгілендірілді. Екі бап бойынша қылмыстық жауапкершілікке тарту талаптары жоғарылады, экономикалық құқық

алып, рұқсаттама беруге кедергі келтірмес үшін «прокурор сүзгісі» енгізілді. Бүгінде прокурорлар инвестор құқығын бұзатын 700-ден аса фактіге тосқауыл қойды. Мұның бәрі бизнестің құқығы мен заңды мүддесін қорғауға зор ықпал етті, – деді Мемлекет басшысы. Мемлекет басшысы Үкіметке қосымша құн салығы мәселесін тағы да пысықтауды тапсырды. – Кез келген реформаны жан-жақты сараптап, байыппен жүргізген жөн. Экономика салаларының ерекшеліктерін ескере отырып, түрлі нұсқаларды әзірлеу керек. Қосымша құн салығына қатысты бұған дейін көзқарасымды білдірмеген едім. Өйткені қызметтік дәрежеме сәйкес, менің әрбір сөзім, пікірім қатаң тапсырма сияқты қабылданады. Соған қарамастан бұл мәселе бойынша ойымды жеткізгім келеді. Қалай десек те, қосымша құн салығының мөлшерлемесі сараланып белгіленуге тиіс. Үкімет түпкілікті шешімді білікті сарапшылардың, қайталап айтамын, білікті сарапшылар мен кәсіпкерлердің, әлбетте депутаттардың пікіріне құлақ аса отырып, нақты есептеулер негізінде қабылдағаны дұрыс. Бір анығы, Үкіметтің қазіргі



зор десек те, нақты іске келгенде бұл салада олқылықтар мен кемшіліктер көп. Сондықтан Үкімет туризмді дамытуға мейлінше көбірек инвестиция тарту үшін қосымша шараларды ұсынады, – деді Президент. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, еліміздегі іскерлік ахуалды жақсарту – ең басты

бұзушылықтың 29 түрі бойынша тұтқындауға тыйым салынды. 2022 жылдан бері кәсіпкерлік саласында тіркелген қылмыстық істердің саны екі есе қысқарды. Бұған қоса кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласқаны үшін әкімшілік жауапкершілік күшейтілді. Инвесторларды негізсіз тексерудің оларға айыппұл салудың алдын

ұсынып отырған мөлшерлемесі тым жоғары. Сіздер нақты цифрды айттыңыздар. Оны қоғам қызу талқылады. Тіпті кей жағдайда артық сөздер де айтылды. Дегенмен бұл қоғам талқысына алдын ала салынған ұсыныс болатын. Тағы қайталап айтамын, Үкіметтің бұл бағыттағы жұмысы бизнес, қоғам, (Жалғасы 2-бетте).

кәсіпкерлер, сарапшылардың, яғни барлық тараптың пікірі ескеріле отырып жалғасуы керек. Биыл нақты шешім қабылдануға тиіс. Мен бұған дейін де айттым: Үкімет бұл мәселені депутаттармен және сарапшылармен егжей-тегжейлі талқылауы керек. Бүгін айтылған ой-пікірлер де ескеріледі. Мемлекетке барынша оңтайлы шешім қажет. Яғни бір жағынан бизнес жүргізуге кедергі келтірмей, қолайлы жағдай жасайтын, ал екінші жағынан, салыққа қатысты тәртіпті күшейтіп, бюджет кірісін арттыратын тиімді жолды табуымыз қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысы еліміздің қаржылық тұрақтылығын жетекші рейтинг агенттіктерінің болжамдары растап отырғанына назар аударды. – Кейбір «сарапшылар» айтып жүргендей, ел экономикасының жағдайы соншалықты мүшкіл деген пікірмен келіспеймін. Салымыз суға кететіндей күйде емеспіз. Бірақ босаңсуға да болмайды. Иә, экономикада 4,8 пайыздық өсім бар. Үкімет отырысында мұның Қазақстан үшін жеткіліксіз екенін айттым. Үкімет дамудың жаңа даңғылын іздеуі керек. Бұл ретте бизнес қоғамдастықтың рөлі үлкен. Халықаралық қаржы ұйымдары мемлекеттік қарыз деңгейін «аса жоғары емес», яғни басқаруға икемді деп бағалап отыр. Қарызды басқару саясаты бекітілген қаржылық шектеулерді қатаң сақтау арқылы жүргізіледі. Кіріс деңгейін арттыру есебінен бюджет тапшылығын азайту көзделген. Бұл мемлекеттің борышын төмендетуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ ұзақмерзімді экономикалық өсімді қамтамасыз етеді, – деді Президент. Қасым-Жомарт Тоқаевтың

пікірінше, тек бюджет қаржысымен экономиканы жаңғырту мүмкін емес. Аталған үдеріске банктердің бәрі атсалысқаны маңызды. – Үкімет кредит мөлшерлемесін субсидиялау арқылы банк қаржысын тарту туралы бастама көтерді. Қаржы секторы осы міндетті орындауға белсенді қатысуға тиіс. Үкімет Кепілдік қорын құру мәселесін пысықтап жатыр. Бұған қоса Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан «ұзақ мерзімге берілетін» қаржы тартылады. Бұл – жеткіліксіз. Нақты секторды кредиттеу көлемін арттыру үшін басқа да ұсыныстар қажет. Мен Үкімет отырысында Ұлттық қор ел экономикасының бір бөлшегі екенін айттым. Кейбір шолушылар, қоғам қайраткерлері Үкіметтің Ұлттық қордан жиі әрі көп қаржы алатынын айтады. Бұл – қалыптасқан ахуалға байланысты қабылданған шешім. Осыған бола «дағдарысқа тап болдық» деп байбалам салатындай себеп көріп тұрған жоқпын. Қорды не үшін құрдық? Қор қаржысы мемлекеттік маңызы бар міндеттерден өзге мақсатқа жұмсалып жатса бір жөн. Сондықтан тағы да қайталап айтамын, банктер бизнеске көмектесіп, экономиканың дамуына қаржы салуға тиіс. Дегенмен реттеушілік шаралардың қатаңдағанына қарамастан, тұтынушылық несие көлемі бұрынғыдай өсіп келеді. Былтыр аталған көрсеткіш 33 пайызға ұлғайды. Ал проблемалық борышкерлердің саны 1,5 миллион адамнан асты. Қарызға белшесінен батқан азаматтарға көмектесу керек. Бұл – аса өзекті саяси мәселе. Сонымен қатар қаржылық сауатты арттыру, әсіресе өскелең ұрпақтың осы бағыттағы білімін жетілдіру маңызды. Осы ретте банктер проблемалық займдарды қайта

қаржыландыру жұмыстарын күшейтіп, борышкерлердің санын өсіруге жол бермегені жөн. Азаматтарға алаяқтық жолмен рәсімделген кредиттерге айрықша мән беру қажет, – деді Мемлекет басшысы. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет пен бизнес арасындағы қарым-қатынасты цифрландыру өзекті екеніне назар аударды. Президенттің айтуынша, бұл – бизнестің нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттырудың ең тиімді жолы. Ал мемлекет үшін басы артық бюрократияны қысқартатын, жемқорлық тәуекелдерінің алдын алып, жалпы тиімділікті жақсартатын маңызды қадам. Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, былтыр көктемде болған су тасқыны кезінде қаржылай қолдау көрсеткен барша кәсіпкерлерге, сондай-ақ «Қазақстан халқына» қорына жарна салған бизнес өкілдеріне алғыс айтты. Қор қаржысы денсаулық және білім беру салаларындағы өзекті әлеуметтік міндеттерді шешуге жұмсалып жатыр. – Бүгін ашық әрі пайдалы әңгіме болды. Сөз соңында қайталап айтқым келеді: мемлекет еліміздің өндірісіне қаржы салатын, тұрақты жұмыс орындарын ашатын адал кәсіпкерлерді әрдайым қолдайды. Бәріңізді жақсы танимын. Кейінгі үш жылда мемлекет пен бизнес арасындағы ықпалдастық пен өзара түсіністік айтарлықтай нығайғанын көріп отырмыз. Мемлекетке пайдамды тигізсем деген отаншылдық ұстанымдарыңызды жоғары бағалаймын. Біз реформалар жолына түстік. Елімізде жүргізіліп жатқан саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер біздің аймақта бұрын-соңды болмаған. Халық қолдамаса, бұл реформалар

іске аспас еді. Қазақстанның экономикалық әлеуетін нығайтуға бағытталған стратегиямды бизнес қоғамдастықтың қуаттағанын айрықша атап өткім келеді. Үкімет немесе құқық қорғау органдары арқылы мемлекет кәсіпкерлердің заңды қызметіне ешқандай кедергі келтірмеуге тиіс. Бұл – менің мызғымас ұстанымым, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Жиын барысында Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин, «Resmi компаниялар тобы» ЖШС, «RG Brands» АҚ президенті Қайрат Мәжібаев, «Қазақмыс холдинг» директорлар кеңесінің төрағасы Эдуард Огай, «InDrive» компаниясының бас атқарушы директоры Арсен Томский, «AUDACIA Express» ЖШС бас директоры Бақытбек Қадыров, «Қазақстан Халық банкі» АҚ басқарма төрағасы Үміт Шаяхметова, «BI-Group» холдингі директорлар кеңесінің төрағасы Айдын Рахымбаев, «Karazhal Operating» компаниясының тең иегері, «Pauz» ҚР Жұмыс берушілер ұлттық конфедерациясы төралқа төрағасы Жұмабек Жанықұлов, «Евразия инвест» ЖШС директоры Иван Георгиади, «Қарағанды фармацевтикалық кешені» ЖШС бас директоры Сергей Барон, «Атамекен» ҰКП төралқа төрағасы Райымбек Баталов сөз сөйледі.

Сонымен қатар «Freedom Holding Corp» басқарма төрағасы Тимур Турлов, ЦАРКА президенті Олжас Сәтиев, «ЭлтексАлатау» ЖШС директоры Нұрлан Жәнібеков, «Aq Niet Group» ЖШС Бақылаушылар кеңесінің мүшесі Нұржан Ниязалиев, Қазақстанның қорғаныс-өнеркәсіп кешені кәсіпорындары қауымдастығының төрағасы Айбек Барысов пікір білдірді.

* Пікір

Бүгінгі күні қоғамда қосымша құн салығын көтеру мәселесі қызу талқыланып жатыр. Осы орайда ҚР Парламенті Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов Мемлекет басшысының отандық бизнес өкілдерімен кездесуінде айтқан ұстанымдарына қатысты пікір білдірді, деп хабарлайды Egemen.kz. Депутаттың пікірінше, адамзат тарихында салық саласы үнемі реформаланып келеді. Бірде салық артса, бірде төмендетіледі. Бұл біздің елдегі «ашық қоғам» тұжырымдамасының өміршендігінің нақты көрінісі. Сондай-ақ ол күнделікті ақпарат беттерінен, кездесулерде әртүрлі пікірлермен танысып жатқандығына тоқталып, әркімнің өз ойын, аргументін айтуға құқығы бар екендігін айтты. «Бүгін Мемлекет басшысы отандық бизнес өкілдерімен кездесуде Үкіметке мезгіл мәселесіне айналған тақырыпқа байланысты өз пікірін жеткізді. Өз сөзінде: «Үкімет түпкілікті шешімді білікті сарапшылардың, қайталап айтамын, білікті сарапшылар мен кәсіпкерлердің, әлбетте депутаттардың пікіріне құлақ аса отырып, нақты есептеулер негізінде қабылдағаны дұрыс», деді. Яғни, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сүйеніп, мүдделі жақтардың пікірлерін ескере отырып, шешім қабылдау маңызды», деді Наурызбай Байқадамов. Наурызбай Байқадамов конституция бойынша әлеуметтік мемлекет екенімізді еске салып, салық халыққа ауыр салмақ болмауы тиіс екендігін атап өтті. «Әрине Үкіметтің мақсаты бәріміз үшін қажетті бюджет тапшылығын шешу. Бұның екі жағы бар. Реформа кәсіпкерліктің дамуына оңтайлы жолды қарастыра отырып, тұтынушылардың сатып алу қабілетін төмендетпеуіміз керек. ҚҚС-тың сараланған мөлшерлемесі арқылы әлеуметтік маңызы бар тауарлардың қолжетімділік деңгейі есепке алынады. Мысалы, азық-түлік, дәрі-дәрмек, білім беру және денсаулық сақтау қызметтеріне ҚҚС-тың төмен болуы арқылы олардың аз қамтылған азаматтарға қолжетімділігі басты назарда болады деп күтілуде. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы, медицина немесе білім беру сияқты салаларға салықты төмендету бағаларды бақылауға, осы бағыттағы өнімдерді өндіруге кәсіпкерлерімізді ынталандыруға ықпал етеді деп санаймыз. Осы әдіс арқылы денсаулыққа немесе қоршаған ортаға зиян тауарларға салық мөлшерін арттырып оның айналымын азайту дұрыс ұстаным болады», деді депутат. Жалпы алғанда, салық саясаты әділеттілік қағидаттарынан ауытқымауы өзекті. Депутаттың айтуынша, салық төлеу мәдениетінің деңгейі де төмендемеуі тиіс. Халық пен билік екі категория болғанымен қоғамның екі құрамдас бөлігі болып табылатын біртұтас дүние. Сондықтан шешім еліміз үшін, бәріміз үшін әділ де тиімді болуы керек.

* Пікір

* Пікір

ҚР Парламенті Сенатының депутаты Алишер Сатвалдиев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың отандық бизнес өкілдерімен кездесуінде айтқан ұстанымдары туралы Facebook әлеуметтік желісінде пікір білдірді, деп хабарлайды Egemen.kz. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бизнес-қоғамдастық өкілдерімен кездесу барысында Үкіметке қоғамды толғандырып жүрген қосымша құн салығы мәселесін тағы да пысықтауды тапсырды. Депутат Мемлекет басшысы берген тапсырмалардағы негізгі қағидаттарды атап өтті. «ҚҚС мөлшерлемесі халықтың әлеуметтік жағдайына қарай сараланады. Әлеуметтік маңызы бар тауарлар мен қызметтерге төмен мөлшерлеме белгіленеді. Үкімет шешімді бизнес өкілдерімен, сарапшылармен және депутаттармен талқылап, нақты есептеулер негізінде қабылдауы тиіс. ҚҚС мөлшерлемесі бизнес үшін кедергі болмай, экономиканың ашықтығын сақтап, бюджет кірісін тиімді толықтыруы керек. Президент ұсыныстарды ескере отырып, әділ әрі оңтайлы шешім қабылдау қажеттігін атап өтті. Бұл – «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын іс жүзінде жүзеге асырудың тағы бір қадамы», деді Алишер Сатвалдиев.

(Материалдар «Егемен Қазақстан» газеті сайтынан алынды).



еді.

Бұл туралы «Красная звезда» газетінің 28-қараша күнгі санында Кривицкийдің «28 батырдың аманаты» деген очеркі жарияланған болатын.

Газет редакторы Москвадан таяқ тастам жерде (50 км) өткен айкастағы ерлердің есімдерін анықтауды Кривицкийге тапсырғандықтан, ол газеттің 28-қаңтар 1942 жылғы санында очеркін қайта оңдеп, 28 батырды аты-жөндерімен атап шыққан. Оның қателігі 4-ші ротаның 10 солдатының аман қалғанын білмеуі еді.

28-дің кейбіреулеріне солардың есімдері беріліп кеткен болатын. Очерк сол бетінде

қайырды.

2015 жыл. Содан бері аттай 50 жыл өтіпті. Қасымда ол кезде мектеп оқушысы болған Зикүлім, телеарнадан Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай беріліп жатқан көріністерді тамашалап отырғанбыз.

Телефон шылдыры ойымды бөліп жіберді. Балхаштың военкоматында жұмыс істейтін қызым Зәмзәгүл екен.

– Мерекелеріңізбен,- деп құттықтап алды да: – Айтар жаңалығым бар, сүйіншісін беретін болсаңыздар, – деді.
– Айта ғой, – дедім.
– Ғаламтордан Нұрмағанбет әкелеріңіздің


Атамның ерлігі

Нұрмағанбет әкеміз соғыстың бас-аяғын түгендеп, сол жақтан ақауланып қайтқан ашаңдау адам еді. Алпысқа да жете алмай ертерек өмірден ерте кетуінің мәнісі де содан болар.

1965 жылы 9 мамыр Жеңістің 20 жылдық мерекесімен құттықтау үшін, өріске шығып кетер деп ауылына ертерек келгенмін.


Ала келген «Лениншіл жас» газетіндегі Жеңіс күніне арналған материалды оқып болған кезде: – Кезінде бізге 28 панфиловшылардың бірі қалмай ерлікпен қаза тапты? – деген еді. Ал, сен, олардың кейбіреуінің қазірге дейін жер басып жүргенін оқып бердің, сонда бұл кереғарлықты қалай түсінуге болады? – деп қайран қалды.

Мен оқығаныммен өзімнің бұрыннан білетіндерімнің басын қосып төмендегі мәліметтерді айтып бердім:



1941 жылдың 16-қарашасында немістердің танк дивизиясы Дубосекова арқылы Москваға өтпек болғанда біздің 1075-ші атқыштар полкымен араларында ауыр шайқас орын алған. Төрт сағатқа созылған ұрыс кезінде немістер 16 танкісімен 800 солдатынан айырылса да, Дубосекованы қолдарына түсірген. Ал біздің әскер мыңға тарта сарбазын жоғалтып, жүздеген жаралысын арқалап, шегініс жасауға мәжбүр болған.

Бірақ та осы төрт сағат, қосымша күштердің келіп жетуіне жеткілікті болып, ертеңіне ақ дұшпан әскерлерін алған шептерінен 200 километрге дейін қуып шығудың сәті түскен болатын. Сол күнгі шайқастың ауыртпалығы 2-ші батальонның 4-ші ротасына түсіп, оның құрамындағы 40 адамнан 10-ы ғана аман қалған



«Правда» газетінде де жарық көрген. Қателіктің орын алғандығы сол кезде-ақ белгілі бола бастаған. Бұл ақпаратты өзіне жеткізушіге Сталин: «Правда» газетінде жалған мәлімет жарияланбайды,- деп жауап берген.

Кейін осы мәселені арнайы талқылаған (1948 жылы) СССР бас прокуратурасы да: 1941 жылғы Москва іргесіндегі ерліктің символы болған 28 батыр оқиғасын жоққа шығаруға болмайды. Коляның Толяға, Амантайдың Аманбайға айналып кетуі мәселенің мәнін өзгерте алмайды деген шешім шығарған, – дедім. Осы арада әкеміз:

– Бәрекемді, міне әділетті сөз. Кезінде бүкіл Совет халқының жігерін жаныған халқының рухын аспандатқан Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» жыры мен 28 батырдың ерлігіне шаң жұқтыру Ұлы Отан соғысындағы қазақ халқының үлесін төмендету болып табылмай ма? Бұған жол беруге болмайды, – деп желпініп қалды.

Осы сәтті пайдаланып қалған мен Жеңісті жақындатуға қосқан ерлігіңіз жоқ па? Бір оқиғаны айтып берсеңіз,- деп өтіндім. Әкей:


1944 жылдың көктемінде біздің бөлімшемізге айыптылар ротасымен бірігіп қарсы беттегі жау бекінісін қайтарып алуға тапсырма берілген болатын. Екі сағатқа созылған шайқастан соң қыруар шығынмен бұйрықты орындауға қол жеткізгенбіз және осы шепке негізгі күш келіп жеткенше екі тәулік иелік жасай алғанбыз.

Осы жетістігімізді ерлікке балаған басшылар тірі қалған оншақтымыздың бәрін алғыспен қоса, «Қызыл жұлдыз» орденіне ұсынған болатын. Бірақ осы күнге дейін куәлігін де, сөлкебайын да көргенім жоқ, – деп қысқа

«Қызыл жұлдыз» орденіне ұсынылғаны жөніндегі құжаттарды таптым, – дегені.

Ақпарат жүйесінің шарықтау деңгейінде тұрған кезіміз емес пе. Бір сағаттан кейін ЦАМА-ның СССР қорғаныс министрлігінің орталық архивінің құпия құжаттар қорынан әкемізге қатысты құжаттардың көшірмелері алдымда жатты.

Оның біріншісінде: неміс басқыншыларына қарсы күресте ерлік көрсеткен 87 атқыштар дивизиясының 448-ші дивизионының



2-ші батареясының 6 жауынгеріне (оның ішінде жалғыз қазақ Қосанов Нұрмағанбет бар) және 81-ші армияның айыптылар ротасының 6 жауынгеріне СССР Жоғары Советі президумының атынан «Қызыл жұлдыз» орденін беру туралы және жеке парақшаға әкеміздің 448-дивизионның 2-ші батареясының атқышы ретінде неміс басқыншыларына қарсы жау взводын басып алуға қол жеткізгені және оны екі тәулік бойы ұстап тұрудағы табандылығы мөрмен расталып, дивизия командирінің қолы қойылған екен.

Үшінші құжатта марапат иесі Қосанов Н. 1915 жылы туып, жорық жолына жолдаманы ҚазССР Қарағанды облысы Қоңырат райвоенкомынан алғандығы туралы жазылған. Жариялауға ұсынылып отырған осы құжаттардың ЦАМА-ның архивінде сақтаулы тұрғандығы тиісті номерлермен атап көрсетілген. Бұл марапаттардың иелеріне неліктен табыс етілмей қалғандығын да түсінгендей болдым. 1-ші құжаттың оң жақ шекесіне «секретно» деген белгі басылып кетіпті. Сондықтан да құпия құжаттар бөліміне өтіп кеткен сияқты.

Ермекбай Жолдыбеков.



Ауған асуында от кешкен ақтоғайлықтар

1979 жылы 25 желтоқсанда кеңес әскерлерінің шектеулі контингенті Ауғанстан территориясын әуеде де, жерде де кесіп өтті. Сөйтіп, 1989 жылдың 15 ақпанына дейін соғыс жүрді. Биыл 15 ақпанда осы соғыстың аяқталғанына 36 жыл толды. Он жыл отқа оранған соғысқа еліміздің азаматтары да қатысты. Ерлік пен батылдықтың үлгісі 1979-1989 жылдары болған Ауған соғысы – Қазақстан тарихында ай-рықша із қалдырған оқиғалардың бірі. Бұл соғыс Қазақстанның әрбір өңірінен, оның ішінде Ақтоғай ауданының азаматтарынан да көптеген жауынгерлерді Ауғанстан жеріне аттандырып, сол жерде ерлікпен шайқасты. Ақтоғайлық азаматтардың Ауған соғысындағы күрескерлігі мен ерлігі ұмытылмайды. Ауған соғысы және Қазақстанның қатысуы Ауған соғысы Кеңес Одағының Ауғанстанға әскер жіберуімен басталған болатын. Кеңес әскерлерінің бұл елдегі саяси жағдайға араласуы көптеген қазақ азаматтарының, оның ішінде ақтоғайлықтардың да соғысқа қатысуына себеп болды. Бұл кезеңде Қазақстаннан мыңдаған жауынгерлер Ауғанстанға аттанды, олардың ішінде Ақтоғайдан шыққан жас азаматтар да болды. Ауған соғысы қазақ халқы үшін ауыр сынақ болды, себебі соғысқа аттанып, елге оралған көптеген азаматтар ауыр жарақаттармен немесе қаза тапқан күйде оралды. Ақтоғайлық азаматтар да бұл қиын кезеңде елінің

алдындағы борышын адал орындап, күрестің алдыңғы шебінде жүрді. Олар тек жауынгерлік ерліктерімен ғана емес, сондай-ақ өз елінің даңқын қорғау жолындағы шынайы патриоттық сезімімен тарихта қалды. Ақтоғайдан шыққан Ауған соғысына қатысушы 33 жас жауынгерлік борышын өтеді. Ақтоғайлық аза-маттар соғыстан кейін өзінің әскери қызметінен кейін, егемен еліміздің өркендеуі жолында түрлі салаларда қызмет атқарып келеді. Олар елдің әлеуметтік және экономикалық өміріне белсене араласып, қоғамдағы орнын тапты. Ауған соғысының Ақтоғай ауданына әсері терең болды. Көптеген жастар өздерінің болашақ өмірін Ауған соғысында көріп, оның қасіретін бастан өткерді. Бұл соғыста шыңдалған азаматтар ауылдастары үшін патриоттық, ерлік және батылдықтың үлгісіне айналды. Соғыстан оралған жауынгерлердің көбі психологиялық және физикалық жарақаттар алып, соның салдарынан көптеген қиындықтарға тап болды. Ауған соғысына қатысқан ақтоғайлықтардың ерлігі тек әскери қақтығыстармен шектелмейді. Олар өзінің елі мен Отанына деген адалдықты, патриоттық сезімді, батылдық пен шешімділікті көрсете білді. Ақтоғайлық азаматтар өздерінің ерлігімен, батылдығымен ұрпақтарға үлгі болып, бүгінгі күнге дейін жоғары бағаланады. Олар – Қазақ елінің нағыз батырлары, өздерінің ел алдында көрсеткен адалдықтары мен ерліктері арқылы

ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, біздің тарихымызда алтын әріппен жазылып қалды. Ауданның аталған азаматтарын мәңгілік еске алу мақсатында, Ақтоғай ауданының орталығында, сондай-ақ ауылдық жерлерде арнайы ескерткіштер мен тақталар орнатылды. Бұл ескерткіштерде Ауған соғысына қатысқан ақтоғайлық азаматтардың есімдері мен олардың көрсеткен ерліктері жазылған. Сонымен қатар, ақтоғайлық интернационалист жауынгерлердің ерліктерін ұмытпау үшін мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылып, онда соғыс ардагерлеріне құрмет көрсетіліп, оларды еске алады. Ақтоғайлық азаматтар Ауған соғысында өздерінің батырлығын, ерлігін және жоғары патриоттық сезімін таныта отырып, тек өз ауданының ғана емес, бүкіл Қазақстанның да даңқын қорғады. Олардың ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Сол ержүрек ұлдардың ұрпағы, бүгінгі ұрпақ соғыс туралы тек тарихтан ғана емес, сонымен қатар ерлік пен батылдықтың үлгісін көрген адамдардың ақыл кеңесінен де көп нәрсе үйренуі тиіс. Ауған соғысы – бұл тек қазақстандықтар үшін емес, бүкіл әлем үшін ауыр сабақ. Жерлестеріміздің соғыстағы ерлігі мен бейбіт өмірдегі үлесі еліміздің тарихында мәңгі сақталады.

С.Қалиясқаров,

Ақтоғай археологиялық-этнографиялық музейі кіші-ғылыми қызметкері.

* Құқық заңнамасы

Апостиль дегеніміз не?

Егер сіз шет елге шығуға жиналып жатсаңыз, сізге Қазақстанның сот органдарының ресми құжаттары қажет болуы мүмкін. Бұл құжаттар шетелде жарамды болуы үшін олар апостиль қою немесе консулдық заңдастыру рәсімінен өтуі керек.

Апостиль дегеніміз – құжатқа қол қойған тұлғаның қолының және оның өкілеттілігін растайтын, сондай-ақ, осы құжат бекітілген мөрдің түпнұсқалығын қағаз түрінде куәландыратын арнайы мөртаңба.

Апостиль қою 1961 жылғы 05 қазандағы Гаага Конвенциясына қатысушы елдердің аумағында қолдануға арналған құжаттардың түпнұсқалығына және тиісінше рәсімделуіне кепілдікті қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

Консулдық заңдастырудан айырмашылығы – апостильдеу аз уақытты алады және апостиль қойылған құжаттарды бір емес, әртүрлі елдерде қолдануға болады.

Апостиль қоюға өтініштерді қабылдау «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ немесе «Электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Аталған мемлекеттік қызметті алу үшін келесі құжаттар қажет:

- 1) нысаны «Сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидасымен бекітілген өтініш;
 - 2) жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
 - 3) апостиль қою үшін ұсынылатын сот органдарынан шығатын ресми құжат;
 - 4) сіздің мүдделеріңізді үшінші тұлға ұсынған жағдайда, нотариалды куәландырылған сенімхат;
 - 5) аты-жөніңіздің өзгергенін растайтын құжаттың көшірмесі (салыстыру үшін түпнұсқасын ұсына отырып);
 - 6) мемлекеттік қызмет көрсету үшін мемлекеттік бажды төлегеніңіз туралы түбіртек.
- Баждың мөлшері әрбір апостиль қойылатын құжат үшін бір айлық есеп-

тік көрсеткіштің (АЕК) 50 пайызын құрайды. Мемлекеттік баж екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, сондай-ақ (ЭҮТШ) ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТТІҢ ТӨЛЕМ ШЛЮЗИ арқылы төленеді. Биылғы жылға апостиль үшін баж салығы – 1966 теңге.

Мемлекеттік бажды төлеуға арналған реквизиттер Қарағанды облыстық сотының ресми сайтының «Мемлекеттік қызмет көрсету» бөлімінде және Сот әкімшілігінің Қарағанды облысы бойынша Департаментінің ғимаратында арнайы стендте орналастырылған.

«Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ Халыққа қызмет көрсету орталықтары өтінішті қабылдағаннан кейін мемлекеттік қызмет көрсетуші органға, яғни Сот әкімшілігінің Департаментіне тапсырады.

Департаменттің мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты маманы өтініш пен оған қоса берілген құжаттарды «Сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» ҚАҒИДАСЫ бойынша сәйкестігін тексеріп, апостиль қою үшін ұсынылған ресми құжатты рәсімдеуге кіріседі. Нәтижесінде сот органынан шыққан, қағаз жүзіндегі ресми құжатқа арнайы штамп – апостиль қойылады.

Сот әкімшілігі Департаментімен мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі – 1 жұмыс күні. Өтініштерді Халыққа қызмет көрсету орталықтарымен қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен қызмет алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру жұмыс күндері 09.00-ден 18.30-ға дейін жүзеге асырылады.

ҚР Сот әкімшілігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті.

Что такое апостиль?

Если вы собираетесь выехать за границу, вам могут понадобиться официальные документы судебных органов Казахстана. Чтобы данные документы были действительны за границей, они должны пройти процедуру апостилирования или консульской легализации.

Апостиль – это специальный штамп, подтверждающий подпись лица, подписавшего документ, и его полномочия, а также удостоверяющий подлинность печати, к которой прикреплен данный документ, в бумажном виде.

Апостилирование производится в целях обеспечения гарантии подлинности и надлежащего оформления документов, предназначенных для использования на территории стран-участниц Гаагской конвенции от 05 октября 1961 года.

В отличие от консульской легализации, апостилирование занимает меньше времени, и апостилированные документы могут использоваться в нескольких странах.

Прием заявлений на проставление апостиля осуществляется через НАО» Государственная корпорация» Правительство для граждан «или веб-портал» электронного правительства".

Для получения данной государственной услуги необходимы следующие документы:

- 1) заявление, форма которого утверждена правилами оказания государственной услуги «апостилирование официальных документов, исходящих из судебных органов»;
 - 2) документ, удостоверяющий личность или электронный документ из сервиса цифровых документов (для идентификации);
 - 3) официальный документ, исходящий из судебных органов, предоставляемый для апостилирования;
 - 4) нотариально засвидетельствованный в случае представления ваших интересов третьим лицом доверенность;
 - 5) копия документа, подтверждающего изменение фамилии (с предъявлением оригинала для сверки);
 - 6) квитанция об оплате государственной пошлины за оказание государственной услуги.
- Размер пошлины составляет 50 про-

центов от одного месячного расчетного показателя (МРП) за каждый апостиль. Государственная пошлина уплачивается банками второго уровня или организациями, осуществляющими отдельные виды банковских операций, а также через платежный шлюз электронного правительства (ПШЭП). В этом году пошлина за апостиль составляет 1966 тенге.

Реквизиты для оплаты государственной пошлины размещены на официальном сайте Карагандинского областного суда, в разделе «оказание государственных услуг» и на специальном стенде в здании Департамента Судебной администрации по Карагандинской области.

После приема заявления Центром обслуживания населения Госкорпорации Правительство для граждан», документы направляются в орган, предоставляющий государственную услугу, то есть в Департамент Судебной администрации по Карагандинской области.

Специалист Департамента Судебной администрации по Карагандинской области, ответственный за оказание государственной услуги, проверяет заявление и приложенные к нему документы на соответствие ПРАВИЛАМ и приступает к оформлению официального документа, представленного для апостилирования. В результате на официальном бумажном документе проставляется специальный штамп-апостиль.

Срок оказания государственной услуги Департаментом Судебной администрации - 1 рабочий день. День приема заявлений центрами обслуживания населения не входит в срок оказания государственной услуги.

Жалоба услугополучателя, поступившая в адрес уполномоченного органа по оценке и контролю за качеством оказания государственных услуг, подлежит рассмотрению в течение пятнадцати рабочих дней со дня ее регистрации.

Прием заявлений и выдача результатов оказания государственной услуги осуществляется с 9.00 до 18.30 часов

Департамент Судебной администрации РК по Карагандинской области.

«Құқықтық Қазақстанның қалыптасуындағы әділет органдарының рөлі»

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында соңғы жылдары халықтың құқықтық мәдениетін арттыру бойынша ауқымды реформалар іске асырылғанын, бірақ халықтың мемлекеттік, құқық қорғау органдарына деген сенімі артуы үшін бұл бағыттағы жұмыс жалғасуы тиіс екендігін атап өтті.

«Заң және тәртіп» акциясы тұжырымдамасын енгізуден бұрын азаматтар арасында сауалнама жүргізілген болатын, оған сәйкес респонденттердің басым көпшілігі басты мәселелердің бірі заңнаманы түсінудің қиындығы екендігін алға тартқан. Адамдарға көпшілігінде заңдарды түсіну қиындық туғызады және олар құқықтық сұрақтар бойынша дұрыс бағыт ала алмайды.

Сондықтан әділет министрлігі бұл мәселені өзіне бақылауына алып, қазіргі уақытта заңнама тілін қысқарту бойынша және заңның және оның түсініктемесін бір мезгілде жария ету бойынша бастамалар енгізді. Айтпақшы, азаматтардың көпшілігі құқықтық сауаттылықты көтеруді мектеп қабырғасынан бастау қажет деп санайды. Осыған сәйкес, Ағарту министрлігі мен Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп, мектептер мен ЖОО-да құқық негіздері бойынша пәндерді қысқарту мәселесі бойынша жұмыс жасалатын болады.

«Заң және тәртіп» идеясын түсіндіруге арналған әртүрлі форматтағы, қоғамдық акциялар, челленджер, жастардың қатысуымен өтетін шаралар, флешмобтар, қоғамдық дискуссиялар, сарапшы қауымдастықтың, мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйым-

дардың, жастар ұйымдары өкілдерінің қатысуымен алаңдарда сұхбат өткізуге баса назар аударылатын болады. Қарағанды аймағында біз иалгай орналасқан елді мекендердегі жұмысты жандандырудамыз. Облыс бойынша көлемді 10 ақпараттық дәріс өткізілгені, оларға адвокаттар, нотариустар мен заң консультанттарының қатысуы қуантады.

Бұдан басқа, әділет органдары



Қазақстанның Азаматтық Альянсы, жеке сот орындаушылары, нотариустар, заң консультанттары, адвокаттармен және басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп «Ашық есік күндері», «Әділет кеңес береді» қоғамдық акциялары өткізілді. Басым көпшілігінде біз мұндай шараларды ірі қалаларда өткізуге тырысамыз, себебі, тегін білікті заң көмегін көптеген азаматтардың алуы қажет.

Департаменттің қызметкерлері тұрақты негізде дағдарыс орталықтарына шығып, «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз!» акцияларын ұйымдастырып өткізеді.

Осы шаралардың аясында тұрмыстағы зорлық-зомбылық мәселесі талқыланып және өз өмірлерінде қиындықтарға тап болған азаматтарға, оның ішінде жетім, ата-анасынан айрылған балаларға, тұр-

мектептер оқушылары, ЖОО, колледждер студенттері, сондай-ақ әртүрлі мамандықтағы жұмыскерлер арасында өткізілді.

Сонымен қатар, «Заң және тәртіп» жобасының басты бағыттарының бірі – алаяқтық әрекеттермен күресу мақсатында Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен азаматтарды 1414-тен СМС және egov mobile арқылы push хабарламалармен хабардар ету пилоттық жобасы өз жұмысын бастады. Егер бұрын нотариустар, сот орындаушылары азаматтарды тапсырмалы пошта арқылы хабардар етсе, ендігі жерде тексерілген байланыс каналдары арқылы электронды түрде хабардар ете алады.

Өткен жылда әділет органдарына нотариустар мен сот орындаушыларының қызметіне 40 000 астам шағым түскен. Көптеген өтініштерде азаматтар, нотариустармен шығарылған атқару жазбасы туралы хабардар етілмегені, тек, қандай да бір тыйым салынғанда немесе шектеу қойылғанда ғана білгендіктерін айтады. Бұдан былай азаматтарға іс туралы және нотариус немесе сот орындаушысы туралы егжей-тегжейлі ақпарат азаматтарға 1414-тен СМС және egov mobile арқылы push хабарламалар уақтылы келіп отыратын болады.

Әрбір азамат өзіне қажетті көмекті ыңғайлы әлі түсінікті форматта алу үшін Әділет министрлігімен құқықтық ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында сандық технологияларды пайдалану мүмкіндігін ұлғайту жоспарлануда.

Глава государства в Послании народу Казахстана подчеркнул, что за последние годы реализованы масштабные реформы по повышению правовой культуры населения, но работа должна продолжаться, чтобы доверие населения к государственным, правоохранительным органам росло.

Прежде чем, внедрить концепцию акции «Закон и порядок» был проведен опрос граждан, и большая часть респондентов отметили, что одна из ключевых проблем заключается в сложности понимания законодательства. Люди сталкиваются с тем, что законы часто бывают сложными для восприятия, и им сложно ориентироваться в правовых вопросах.

Поэтому министерство юстиции взяло этот вопрос на вооружение и уже внедрены инициативы по упрощению языка законодательства и по одновременной публикации закона вместе с его разъяснением.

Кстати, большинство граждан считают, что для повышения правовой грамотности работу необходимо начинать еще в школьном возрасте. Поэтому здесь тоже мы совместно с Министерством просвещения и Министерством науки и высшего образования будем работать в вопросах упрощения предметов по ос-

новом права в школах и ВУЗах.

Проведение разноформатных мероприятий, такие как общественные акции, челленджи, молодежные мероприятия, флешмобы, общественные дискуссии, диалоговые площадки с участием экспертного сообщества, представителей государственных органов, НПО и молодежных организаций, посвященных разъяснению идеи «Закон и Порядок». В Карагандинском регионе мы активизировали работу в отдаленных населенных пунктах. По области порядка 10 масштабных информационных лекций было проведено и отрадно, что нас поддерживают нотариусы, юридические консультанты и адвокаты.

Кроме того, органами юстиции совместно с представителями Гражданского Альянса Казахстана, Палатами частных судебных исполнителей, нотариусов, юридических консультантов, коллегиями адвокатов и специалистами других заинтересованных государственных органов проведены общественные акции «Ашық есік күндері», «Юстиция консультирует». По большей части, мы проводим такие мероприятия в крупных городах, чтобы как можно больше жителей смогло получить бесплатную квалифицированную юри-

дическую помощь

На постоянной основе сотрудники департамента выезжают в кризисные центры, организованы акции «Детство без жестокости и насилия», «Мы против насилия»

В ходе данных мероприятий обсуждены вопросы бытового насилия и оказана юридическая и социальная помощь гражданам, находящимся в трудной жизненной ситуации, в том числе детям-сиротам и детям, оставшимся без попечения родителей, а также матерям одиночкам, подвергшимся бытовому насилию.

Министерство в рамках празднования Международного дня прав человека запустило видео-челлендж «Мен өз құқықтарымды білемін». Основной целью челленджа является формирование правовой культуры населения, правовых знаний подрастающего поколения.

Челлендж проходил среди учащихся общеобразовательных школ, студентов колледжей, ВУЗов, а также работников различных профессий.

Также, одним из важных направлений проекта Закон и порядок стал В целях борьбы с мошенническими действиями Министерством юстиции Республики Казахстан запущен пилотный проект оповещения граждан посредством

СМС сообщений от 1414 и push уведомлений egov mobile.

Если ранее нотариусы, судебные исполнители уведомляли граждан с помощью заказной почты, то теперь они будут направлять электронные уведомления через проверенные каналы связи.

За прошлый год в органы юстиции поступило свыше 40 000 жалоб на действия нотариусов и судебных исполнителей. Многие в обращениях указывали, что не знали о выписке исполнительной надписи нотариусами, а лишь узнавали по факту наложения каких-либо арестов и ограничений.

Теперь гражданам будет своевременно приходиться СМС сообщения от 1414 и push уведомлений egov mobile с детальной информацией о деле и о нотариусе или судебном исполнителе.

Министерством юстиции планируется расширять использование цифровых технологий для доступности правовой информации, чтобы каждый гражданин мог получить нужную помощь в удобном и понятном формате.

Д.Ж.Дайрабаев,
Қарағанды облысы
Әділет департаменті
басшысының орынбасары.

Жұмағұл Нығметұлы Шөженев

Қазақстан Республикасының құрметті заңгері, полковник, Жазушылар одағының мүшесі, талантты ақын-сазгер Жұмағұл Нығметұлы Шөженев өмірден өтті.

Жұмағұл Нығметұлы 1959 жылы Ақтоғай ауданы, Тасарал ауылында дүниеге келген.

1984 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің заң факультетін тәмамдаған соң, Жезқазған ішкі істер басқармасында тергеуші болып қызмет жолын бастаған. Кейін Приозерный (қазіргі Тоқырауын) ауданының тергеу бөлімшесінің бастығы болып еңбек еткен. 1995 жылы жаңадан құрылған Мемлекеттік Тергеу Комитетінің осы аудан бойынша бастығы қызметіне тағайындалған.

2011-2012 жылдары Жезқазған қаласының мамандандырылған әкімшілік сотының судьясы, Ұлытау облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының судьясы қызметін атқарған. Өзінің жоғары кәсібилігі, әділ шешімдері мен адалдығының арқасында ол сот жүйесінде зор беделге ие болды.

Көп жылғы мінсіз еңбегі үшін «Үш би» Құрмет белгісімен марапатталды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының құрметті заңгері атағына ие болып, полковник шенін иеленді.

Жұмағұл Нығметұлы заң саласындағы еңбегімен ғана емес, шығармашылық қырларымен де танылды. Ол Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі болып, көптеген әдеби еңбектер мен жүрекке жылы тиер әндер жазды. Оның қаламынан туған «Тасарал вальсі», «Астана», «Ақ әже», «Жан апам» әндері халықтың сүйіспеншілігіне бөленіп, ұлттық музыка қазынасын толықтырды.

Ол өмірінің әр сәтін адал еңбекке, туған еліне қызмет етуге арнады. Жұмағұл Нығметұлының заң саласындағы әділдігі, шығармашылықтағы өрнекті іздері, адамгершілігі мен парасаттылығы әрдайым ел жадында сақталады.

Марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғырып көңіл айтамыз. Жаны жәннатта, иманы саламат болсын.

Қош бол, асыл азамат!

А.Аманжолов, Р.Әбеуов, А.Капашев, А.Дардаков, Д.Мукатай, Б.Әмірғасым, П.Темірбек, А.Жармағанбетов, С.Сыздықов, Ә.Капасов, Е.Балтышев, Е.Боранбаев, С.Рысжанов.



Камила Мажкенқызы Мақсұтова

Мақсұтова Камила Мажкенқызы 2025 жылдың 7 ақпан күні кенеттен қайтыс болды.

Мақсұтова Камила Мажкенқызы 1968 жылы 2 маусымда Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Қаратал елді мекенінде дүниеге келген. Сегіз жылдық мектепті аяқтағаннан кейін Саран қаласындағы Абай атындағы педагогикалық училищеге 1983 жылы түсіп аталған училищені 1987 жылы аяқтады.

Алғаш еңбек жолын 1987 жылы Қарағанды облысы Приозерный ауданының Абай атындағы орта мектепте бастауыш сынып мұғалімі болып бастады.

1991 жылы аудан орталығындағы «Аққыз» бала бақшасында тәрбиеші болып қызмет атқарды. 1992 жылдан бастап 15 жыл К.Байсейтова атындағы орта мектепте бастауыш сынып мұғалімі болып қызмет атқарды. 2001 жылдан бастап өмірінің соңына дейін аудан орталығындағы Ә.Бөкейхан атындағы орта мектепте бастауыш сынып мұғалімі болып жұмыс жасады.

Камила Мажкенқызы ұжым арасында сыйлы, беделді, шығармашыл, ізденімпаз бар ғұмырын білім саласына арнаған ұлағатты ұстаздың бірі болды. Саналы ұрпақ пен білікті тұлға тәрбиелеуде айрықша үлес қосқан ұстаздың еңбегі елеусіз қалған емес. Облыстық, аудандық, мектепшілік марапаттармен бірнеше рет марапатталды. Бастауыш сыныпта әліппеден бастап, мектепті бітіртіп, шәкірттерінің өмірде өз жолдарынды тауып, кірпіш болып қалануына себепші болды.

Тәрбиелеп жүрген шәкірттері халықаралық, республикалық, облыстық байқаулардың жеңімпазы ретінде биіктен көріне білді. Камила әріптесіміз нағыз ұстаз деп атауға лайықты жанның бірі де бірегейі еді. Қимаймыз...

Камиланың отбасына, балаларына қайғыларына ортақтаса отырып, көңіл айтамыз.

Саналы ғұмырын мұғалімдік қызметке арнаған ұлағатты ұстаз Камила Мажкенқызының есімі әріптестерінің жадында мәңгі сақталады.

«Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектебі (РО) жанындағы мектеп-интернаты» КММ ұжымы.



«Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектебі, (РО) жанындағы мектеп-интернаты» КММ ұжымы осы мектептің жұмыскері **Искаков Амангелді Көпбосынұлының** кенеттен қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Қош бол, аяулы ұстаз!



Саналы ғұмырын бала тәрбиесіне арнаған, білім нәрінің алғашқы іргетасын қалап өмірге жол сілтеуші, шырақшы ұстазымыз Мақсұтова Камила Мажкенқызы кенеттен дүниеден озды деген қаралы хабар бала жүрегімізді, ұрпақтарымызды тәрбиелетіп отырған ата-аналық көңілімізді астан-кестен етті. Жалған-ай...

Камила Мажкенқызы 2 маусым күні 1968 жылы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қаратал совхозында дүниеге келген. 1975 жылы алғаш рет мектеп табалдырығын Қаратал совхозының онжылдық мектебінде аттап, 1982 жылы Қуаныш елді мекенінде оқуын аяқтаған. 1983 жылы Саран қаласындағы Абай атындағы педагогикалық училищесіне түсіп, аталған оқу орнын 1987 жылы аяқтады. Аяулы ұстаз алғаш еңбек жолын, 1987 жылы Қарағанды облысы Приозерный ауданының Абай атындағы орта мектепте бастауыш сынып мұғалімі болып бастаған. 1991 жылы Ақтоғай ауданына келіп, «Аққыз» балабақшасында тәрбиеші болып қызмет атқарды. 1992 жылдан бастап К.Байсейтова атындағы орта мектепте 15 жыл бастауыш сынып мұғалімі болып қызмет жасады. 2001 жылдан бастап Камила Мажкенқызы «Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектебі (РО) жанындағы мектеп-интернаты» КММ бастауыш сынып мұғалімі болып қызмет жасады. Барлық өмірін ұстаздыққа арнаған Камила ұстаз бастауыш сынып мұғалімі болғандықтан болар, көп уақытын мектепте оқушылармен өткізуші еді. Осы мектептің өзінде үш мәрте бастауыш сынып оқытып, оқушылар тәрбиелеп, қалам ұстаудан бастап, үлкен өмір жолына салып отырған ұстаздың біз үшін әр сәті құнды, әр уақыты алтын бағалы еді. Бергенінен берері көп еді. Сол өмірден өтер сәтінде де «бүгінгі шарамызды өткеріп бір жақты болып алайық, содан кейін дәрігерге барамын» деп еді. Өмір-ай, ол күндерге жете алмай кетті ғой ұстазымыз. Өз мамандығына берілген ұстаз талай мақтау мен марапаттаудың да иесі болған. Өзінің еңбек жолында талай жетістіктерге жетіп, шәкірттеріне аяулы ұстаз, әріптестеріне сыйлы бола білді. Камила мұғалім әркез үлкенге ізет, кішіге қамқор жан болғандығымен біздің жүрегімізде мәңгі сақталмақ.

Бүлдіршін тәрбиесі-табысыңыз,

Бүгін де қарыздармыз бәрі үшін біз.

Шәкірттік ақ алғысты жаудырар едік

Өтсең, сіз "келместе" алыстасыз.

Қош бол, аяулы да ардақты ұстаз. Біз Сізді ұмытпаймыз. Ұстазымыздың отбасына, туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз.

«Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектебі (РО) жанындағы мектеп-интернаты» КММ-нің 3 «А» сынып оқушылары мен ата-аналары.

** Білгенге – маржан*

Ақпан айындағы амалдар

Ақпан айы қазақ халқының тұрмысында ерекше орын алады. Бұл айда табиғаттың қатал мінезі айқын көрініс табады, және осы кезеңде ауа райының өзгерісіне байланысты бірнеше амалдар бар. Ақпан айында екі негізгі амал жүреді: "ақпан амалы" және "тоқпан" немесе "тақпан" амалы.

Қазақ есепшілері ақпан айында кіретін екі амалдың уақытын өте жақсы меңгерген. Амал кірерден көп ілгері күннің қатты суытып, қалың қар жауатынын малшылар қауымына ескертіп, аязды, қарлы, боранды апаттардан сақ болып, сақтық шараларды алдын ала жасауды ескертіп отыратын болған. Ол кездегі халық арасындағы ауа райын болжайтын есепшілер, дәл қазіргі кездегі ауа райын зерттейтін ғылыми орталықтардың қызметін атқарған. Есепшілердің айтқан болжамдары айнымай келіп, соның нәтижесінде мал мен бас аман қалып отырған.

Ақпанның 9-16 аралығында "ақпан амалы" басталады. Бұл кезеңде ауа райы күрт өзгеріп, қатты аяздар мен қарлы борандар болуы мүмкін. "Ақпан амалы" кезінде күн күрт суып, аяздар күшейеді, кейбір аймақтарда қар жауып, боран соғады. Бұл амалдың ерекшелігі – оның қатал табиғи жағдайларға әкеліп соғуы. Сондықтан, қазақтар бұл күндері сақтық шараларын қолданып, малды қорғауға ерекше көңіл бөлген. Ақпан амалы мал мен басқа қауіпті күндер ретінде саналады.

Ақпанның 19-26 аралығында "тоқпан" немесе "тақпан" амалы кіреді. Бұл амал кезінде де ауа райы бұзылып, күн қатты аязды болады және қалың қар жауады. Токпан амалының атауы да осы кезеңдегі ауа райының күрделілігіне байланысты. Токпан амалы – қыстың соңғы, бірақ ең ауыр кезеңдерінің бірі. Осы кезеңде күннің суықтығынан малға ерекше күтім қажет болады, себебі бұл амалдың күндері табиғаттың сынақтарынан аман қалу үшін барынша дайын болу керек.

Амал күндеріне қатысты қазақтың өмір салты

Ақпан айындағы амалдар қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде үлкен рөл атқарған. Сондықтан, ақпан амалы мен тоқпан амалы кезіндегі табиғаттың мінезіне қарап, халық алдын ала сақтық шараларын қабылдап, малды барынша қорғауға тырысқан. Өздері де алыс сапар алып, жолаушы жүрмеген, ұзақ жерлерге қыдырып баруға тыйым салған. Үйде сексеуілдің шоғын қыздырып, қыстық сүрлерін жесіп, жақын тұратын көршілер бірін-бірі қонаққа шақырып, әңгіме дүкенін құрып әр күнгі кешті керімсал етіп өткізген.

Ақпан айындағы осы амалдар қазақ халқының табиғатпен етене өмір сүруінің, табиғат құбылыстарын мұқият бақылауының айқын көрінісі болып табылады.

(Мақала ғаламтордан алынды).

Құттықтаймыз!

Құрметті
Байтукешова Жанерке
Кәріжасқызы!

Сізді 50 жастың ас-
қарына шығып, өміріңіз-
дің жаңа белесіне аяқ
басуыңызбен шын жү-
ректен құттықтаймыз.
Бұл жас – өміріңіздің ең
асыл шақтарының бірі.
Өткен жылдарыңыз
қуаныш пен жетістік-
терге толы болса, алдағы жылдарыңыз одан да
бақытты, берекелі болсын. Отбасыңызға амандық,
деніңізге саулық, жүрегіңізге тыныштық тілейміз.
Әр дайым күлімдеп, жақындарыңыздың қуанышына
бөлең беріңіз. Сізге бақытты ғұмыр, деңсаулық,
жақындарыңыздың махаббатын тілейміз.

Пәк көңілің шаттықта арайлансын,
Ақ жүзінде лайым нұр ойнасын.
Туған күнің бүгінгі құтты болып,
Жарқын күндер аша берсін шарайнасын.
Бақытың мен байлығын ортаймасын,
Ашық болып аспаның, гүлдей жайна.
Бұл өмірдің сынды сәтті байқалмасын,
Әрбір күнің сәтті боп, күліп ойна.

**Тілек білдірушілер: Сайран-Бота,
Абзал-Гүлжазира, Ермек-Меруерт, Замзагуль,
Жайна, Надира, Жандос-Анар, Мамыр- Гүлмира,
Қанат-Нурила.**



Құттықтаймыз!

Құрметті бауырымыз
Кенжина Қымбат
Мәжитқызы!

Сізді адам өмірінің
айтулы белесі – 60
жасқа толған мерей-
тойыңызбен шын жү-
ректен құттықтай-
мыз!

60-тің төріне қадам
басқан ардақты бауы-
рымызға өмірдің бар-
лық жақсылығын, арайлы күннің шуағын, бала-
шағаның өркендеп өскен қызық-думанын тілейміз.
Сіз өрелі ісіңізбен ауылымыздың өркендеуіне
сүбелі үлес қосып жүрсіз. Денсаулығыңыз мықты,
еңбегіңіз табысты болсын. Бала-шағаңыздың
ортасында бақытты ғұмыр кешіп, алда талай
мерейлі белестерге жетіп, өміріңіздің ұзақ болуына
тілектеспіз. Елге сыйлы, туыстарыңызға бауырмал,
әрдайым көпшіл қалпыңыздан айнымаңыз!

Асыл тілек айтылады ақ ниетпен,
Бақытты күн көрінсін көкжиектен.
Тойыңыз тойға ұлассын дей отырып,
Құттықтаймыз сізді біз шын жүректен!

**Ізгі тілекпен: апа-жезделері, бауыры-келіні,
сіңілі-күйеу балалары.**



Құттықтаймыз!

Құрметті
Қуанышбекова
Бақытгүл Сәметқызы!

Сізді 60 жасқа тол-ған
мерейтойыңызбен шын
жүректен құттық-
таймыз!

Сіз – саналы ғұмыры-
ңызды ұрпақ тәрбиесіне
арнаған, біліміңіз бен
тәлім-тәрбиеңіз арқылы
талай шәкірттің жү-
регіне жарық сәуле
сепкен ұлағатты ұстазсыз. Сіздің бойыңыздағы асыл
қасиеттер – мейірімділік, адалдық, шыдамдылық пен
ізгілік – әр оқушыңыздың өміріне үлкен бағдар болып
келеді.

Жылдар бойы жинаған біліміңіз бен тәжірибеңіз,
ұрпаққа берген тәрбиеңіз мәңгілік із қалдырып, бо-
лашаққа жол көрсетеді. Өміріңіздің мәні болған ұстаз-
дық еңбегіңіз әрқашан құрметке бөлене берсін.

Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға аман-
дық, қажымас қайрат пен шығармашылық табыс
тілейміз. Әрбір күніңіз қуаныш пен жақсылыққа толы
болсын.

Алтын уақыт, ақылменен сырласқан,
Шәкірттерге шапағатын жылытқан.
Ұстаз болып өткердіңіз ғұмырды,
Қуанышпен қарсы алыңыз бұл шақтан!

**Ізгі тілекпен: «Жабас Кеңесбаев атындағы ЖББ
мектебі» КММ-нің ұжымы.**

Ақтоғай ауылының
тұрғыны Таспулатова
Айгүл Сансызбайқызы!

Сізді мерейлі 50 жасқа
толған мерейтойыңыз-
бен құттықтаймыз.

Сізге тілейтініміз:
деніңізге саулық, отба-
сыңызға амандық. Шаңы-
рағыңыздың шаттығы
еселеніп, биік асуларды
бағындыра беріңіз деген
ізгі ниет, ақ тілегімізді
білдіреміз. Жүзіңізден шуақ кетпей, ғұмыр бойы мәз-
мейрам болып, өмірдің қызығына тоймай, ортамызда
жүре беріңіз. Дос-жаран мен туған-туыс алдында
абыройыңыз артып, аңсаған армандарыңыздың асула-
рына шыға беріңіз.

Қызық-шаттық, жақсылықты тере бер,
Жұртшылықтың алғысын тек ала бер.
Беделің де артсын ылғи ортада,
Еңбегіңмен алда өсіп-өне бер.

Құттықтаушылар: интернат ұжымы.



Ақтоғай ауылының
тұрғыны Ортаубаева
Перизат Тіресбекқызы!

Сізді 50 жасқа толған
мерейтойыңызбен шын
жүректен құттықтай-
мыз. Осы қуанышты күні
сізге деніңіздің саулығын,
шаңырағыңызға ырыс бай-
лығын, көңіліңізге сезім-
нің шалқыған шаттығын

тілейміз. Дос-жаран мен туған-туыс алдында абы-
ройыңыз артып, аңсаған армандарыңыздың орын-
далуына тілектеспіз. Бала-шағаңыздың қызығын
қызықтап, немерелеріңіздің шат күлкісіне тоймай,
арамызда аман-сау жүре беріңіз. Алланың берген жа-
сын жасап, ортамызда күліп-ойнап, ыстық ықыласқа
бөлене беріңіз.

Асыл тілек айтылады ақ ниетпен,
Бақытты күн көрінсін көкжиектен.
Қуаныш тойға ұлассын дей отырып,
Құттықтаймыз біз сізді шын жүректен!

**Ізгі тілекпен: Нұрғали, Серғазы-Гүлден,
Боранбай-Айнур, Құтжан-Жамал, Азамат-Ақнұр
Гүлбахрам, Амангүл, Меруерт.**



*Мемлекеттік қызмет

Мемлекеттік қызметшілердің әдебі мен құқығы заңмен реттеледі

Әдептілік – мемлекеттік қызметтің басты ұстаным-
дарының бірі. Мемлекеттік қызмет жүйесінің қалыпта-
суында мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігімен
қатар, әдептілігі өте маңызды. Бүгінде мемлекеттік
қызметшілердің моральдық және әдептілік бейнесіне
жоғары талаптар қойылады.

Олардың жұмысы, іс – әрекеті мен қызметтік әдебі үнемі
бақылауда, халықтың назарында. Сол себепті, мемле-
кеттік органдарға қоғам тарапынан сенімді нығайтуға,
мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары
мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік
қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының
алдын алуға бағытталған Қазақстан Республикасының
мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің маңызы
зор.

Мемлекеттік қызметтің өзіндік ерекшелігі – мемлекеттік
қызметшілердің әдептілігімен қатар, сыртқы келбетіне
ерекше талап қойылады. Сондықтан да мемлекеттік
қызметшілердің моральдық бет-бейнесі мен әдебіне
сырт келбеті де сай болуы қажет.

Әдеп кодексімен қатар, мемлекеттік қызметшілердің
жүріс-тұрысына бақылау жасауда, алқалы органдар
– Әдеп жөніндегі комиссия, Әдеп жөніндегі кеңес,
сондай-ақ, Әдеп жөніндегі уәкілдердің еңбегі зор.

Аталған алқалы органдар және Әдеп жөніндегі
уәкілдер мемлекеттік қызметтік имиджін көтеруге
бағытталған шараларды атқарып, мемлекеттік қыз-
метшілердің әдептілігін арттыруда өз үлесін қосуда.

Мемлекетті өркендету, дамыту бағытындағы ең жа-
уапты іс-мемлекеттік қызметшілерге жүктелетіні
мәлім. Мемлекеттік қызметшіге неғұрлым осындай
жоғары талап қойылса, оның құқықтарының қорғалуы
және әлеуметтік кепілдіктерінің сақталуы да тиісті
деңгейде болуы шарт. Сондықтан мемлекеттік қызмет
саласындағы маңызды принциптердің бірі – ол
мемлекеттік қызметшінің құқықтық және әлеуметтік
қорғалуы болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілердің еңбекті, денсаулықты
қорғауға, қауіпсіз және тиімді жұмыс істеу үшін қажетті
еңбек жағдайларына, сондай-ақ, әлеуметтік және құқық-
тық қорғалуға құқығы бар. Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті
тарапынан мемлекеттік қызмет саласындағы бақы-
лау бағыты бойынша бірқатар талдаулар жүйелі түрде
жүргізіліп отырады. Оның бірі мемлекеттік қызмет-
шілерге еңбек демалысын беру мәселелеріне жүргізілген

талдау нәтижесінде өңірдегі мемлекеттік органдардың
671 мемлекеттік қызметшінің құқықтары бұзылғаны
анықталды. Дәлірек айтқанда, мемлекеттік органдар
тарапынан мемлекеттік қызметшілерге еңбек төлемдері
кешіктіріліп төленгендігі анықталды.

Сонымен қатар, Департаментпен жұмыс уақыты
режимінің сақталуына қатысты жүргізілген талдау
нәтижесінде де 119 мемлекеттік қызметшіге үстеме
жұмыстар атқарғаны үшін тынығу сағаттары берілу
арқылы құқықтары қорғалды. Сондай-ақ, мемлекеттік
қызметшілердің құқықтарын қорғаудың басқа да құралы
оларға икемді жұмыс кестесін және қашықтықтан
жұмыс жасау мүмкіндіктерін қолдану болып табылады.

Атап айтқанда, бұл жұмыс берушінің келісімі бойынша
қызметкерге жұмыс күнінің басқа тәртібі белгіленуі
мүмкін. Мысалы мемлекеттік қызметші баласын таң-
ертең немесе кешке балабақшадан алып кету үшін
аталған режимді белгілеу туралы өтінішпен жүгінуге
құқылы.

2024 жылдың басынан бастап 27 мемлекеттік мемле-
кеттік қызметші икемді жұмыс режимін, 1 мемлекеттік
қызметші аралас қашықтықтан жұмыс істеу режимін
пайдалануда.

Департаментпен мемлекеттік қызметшілерді тәртіптік
жауапкершілікке тарту рәсіміне де талдау жүргізіледі.
Себебі, мемлекеттік қызметшілерді тәртіптік жауапкер-
шілікке тарту кезінде рәсімдік бұзушылықтарға жол
беріліп жатады. 2024 жылы бұзушылықтарға жол беріл-
гені үшін мемлекеттік органдардың 12 актісінің күші
жойылып, кінәлі тұлғалар тәртіптік жауапкершілікке
тартылды.

Өз кезегінде, аталған бағыттағы жұмыстарды
нәтижелі жүзеге асыру айрықша маңызды, өйткені
олар мемлекеттік қызметшілер арасында заң үстемдігі,
әділеттілік үстемдігі қағидатын бектіуге және
мемлекеттік қызметке сенімін нығайтуға мүмкіндік
береді. Ал, мемлекеттік қызметте үлкен жетістіктерді
бағындыруды көздеген әрбір мемлекеттік қызметші
Әдеп кодексін және «Қазақстан Республикасының
мемле-кеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарының талаптарын
сақтап, мемлекеттік қызметті адал атқаруы қажет.

**ҚР Б.Макеев ,
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің
Қарағанды облысы бойынша департаменті
басшысының м.у.а.**

Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті
редакциясы ЖШС

**Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан
Республикасы ақпарат және даму Министрлігі
2020 жылы 10 қаңтарында берілген)**

Газет аптасына 1 рет шығады

Газет редакцияның компьютер
орталығында қатталып, Қарағанды
қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де
басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

**Мақала авторларының пікірі
газеттің көзқарасын білдірмейді.**

Таралымы 920 дана

**Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай
ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.
Телефондар: редактор: 2-18-81,
87770498986**



**Электрондық пошта aktogai_red @
mail.ru**

**Газетке А4 форматты 3 беттен асқан
материалдар қабылданбайды.**

